

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Булеева Ақмарал Исаевна E-mail: maral.buleeva.78@mail.ru тарих 1 курс
магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау қ, Қазақстан
Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., профессор – Кайргалиева Г.

Театр-сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді тілек , құрғақ бұйрық туғызбайды. Барлығы да белгілі шартпен бағылып,қағылған уақытта ғана бой жасап өсіп өнеді. Осы орайда Атырау өлкесінің тарихы 1938 жылдан бастау алады. Әрбір театрдың тарихи жағынан қалыптасып дамуы, болашаққа қадам басуы, өсіп-өркендеуі, әр халықтың өмір-тұрмысын,салт-санасын,тағдыр тарихымен және ішкі мәдениетімен тығыз байланысты. Театр өнері де қоғамдық ой-сананың шарықтау шегі мен адами дүниетанымның жемісі. 1938 жылы тұңғыш рет Гурьев қаласында облыстық қазақ драма театры құрылды. Театрдың құрылуына басты себеп болған Гурьевте актёрлер даярлайтын театр студиясын бітірген бір топ жас актёрлер болатын. Осы жылғы наурыз айында қазақ үкіметінің қарарына байланысты Петропавлдың облыстық қазақ драма театры ажыратылып жаңа ұйымдасқан Гурьев театрына келіп қосылды[1,Атырау облыстық мемлекеттік архиві.1134-қор,12-іс,12 б.]. Міне облысымызда қазақтың драмалық театрының алғашқы негізі осылай қалыптасты. Бұл құралған коллективке кейіннен Ембінің мұнайшыларынан Ақ Жайық пен Кәрі Каспий балықшылар арасынан шыққан тамаша талапты бірнеше жастар да келіп қосылды. Театр коллективі 1938 жылдың 9 мамыр күні қала жұртшылығына бірінші рет Мұқтар Әуезовтың «Түнгі сарын» пьесасымен театр сахнасын ашты[1,Атырау облыстық мемлекеттік архиві.1134-қор,12-іс,12б.]. Осы қысқа мерзім ішінде театр коллективі Гурьев облысымен қатар Орал, Ақтөбе облыстарының жұртшылығына және республикадағы сол кездегі астанасы Алматыда бірнеше рет творчестволық есеп жөнінде де гастрольде болып тарихи тақырыптардағы және күнделікті өмірімізді бейнелейтін қазақ жазушыларымен туысқан ұлт республикаларының драматургтерінің шығармалары,орыс және Батыс Европа классиктерінің шығармаларын меңгере отырып, 200-ге жуық пьеса қойды,900 спектакльдер көрсетті.Үш миллионға жуық көрермендерді қамтыды [2,Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134 қор,136-іс,16 б]. Осы дәуірдегі театр коллективінің творчестволық жолын талдап қарасақ, онда ұжымның мол шығармашылық мүмкіндігінің бар екенін аңғарамыз. Мысалы театр сахнасында М.Әуезовтың “Айман Шолпан”, “Қаракөз”, “Қобыланды”, “Еңлік Кебек” және “Абай трагедиясы”, Ғ.Мүсіреповтың “Аманкелді”, “Ақан сері Ақтоқты”, Қозы Көрпеш-Баян 540 сұлу” және С.Мұқановтың, Ш.Хусайновтың, Ә.Әбішевтың, Ә.Тәжібаевтың, М.Ақынжановтың, Ғ.Слановтың пьесаларымен қатар дүние жүзінің классиктері Шекспирдің “Асауға тұсауы”, Гольдинидің “Екі мырзаға бір қызметшісі”, Миллердің “Скапеннің айдалары”, Шиллердің “Зұлымдық пен махаббатын”, Гогольдің”Ревизоры” мен “Үйленуі” қойылды. Орыс кеңес классиктерінен Треновтің “Любовь Яроваясы”, Лавреновтың “Күйреуі”, Леоновтың “Шапқыншылығы”,Семеновтың “Орыс мәселесі”,Шәпейннің “Жеке адам ісі”, М.Горькийдің “Зыковтар”мен“Соңғылары”, туысқан ұлт республика драматургтерінен С.Хожаниязовтың “Сүйемегенге сүйкенбе”, Рахмановтың “Жүрек сырлары”,Қапхардың “Жібек сюзенесі” мен “Табыттан шыққан үні”, Мухбаровтың “Семья Алланы”, “ Тоқаевтың “Күйеулері”,туысқан Украина халқының классигі Т.Шевченконың “Назар стадолиясы”, Я.Гальанның “Елең алаңдағы махаббаттысы” т.б. жүздеген пьесалар қойылды[2,Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134- қор,136-іс,17б]. Бұл спектакльдерді жұртшылыққа ұнамды етіп көрсетіп беру театр коллективінің беделін көрушілерінің алдында көтерді. Осы құнды қойылымдар халықпенен

жақындастырып, театрдың ұжымын шын мәнісінде мәдениет ошағына айналдырды. Қазақ халқының театр өнерін дамытуда өлкенің театр коллективінің де үлесі зор болды. Көркем өнерпаздар сахнада жарқын көркем тұлғалар, шыншыл шығармалар арқылы, болашақ қоғам орнатып жатқан халық өмірін көрсетуге тиіс болса, соның бірі өлкенің қазақ драма театрының коллективі деп есептеуге болады. Ұлы Отан соғысы кезінде актёрлердің көпшілігі бүкіл кеңес халқымен бірге Отан қорғауға аттанды. Театрда қалған творчестволық күш бұрынғыдан да зор қызмет жасап, жылына 400-ге жуық концерт, спектакльдер беріп, 100 мыңға жақын көрермендерді қамтып жүрді [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134-қор, 136-іс, 17 б.]. Соғыс жылдарында олар барлық қиыншылықтарға төзіп, тіпті кей жерлерде жаяу барып концерттер қойды, халықтың театр өнеріне деген ынтасын, Отанға деген патриоттық сезімдерін арттыра түсті. Театрдың бас көтерер актёрлері үш топқа бөлініп, облыс шаруашылықтарына сапар шекті. Олар қажырлықпен еңбек етіп жатқан шаруалар, мұнайшылар, балықшылар араларында болып, олардың көңілдерін көтеріп, концерт, спектакльдер көрсетті [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134-қор, 136-іс, 18б.]. Өлке еңбекшілерін майдан үшін ерлік істерге жігерлендіре отырып, қиын-қыстау кезеңде әйел актерлер ерлердің орнын жоқтатпай, театрдың бұрын ие болған беделін абыроймен сақтап қалды. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда театр драматургия жұмысын одан әрі жақсарту мүмкіншіліктерін туғызу үшін партия мен үкімет тарапынан күрделі шаралар қолданылды. Театр жұмысын тексере келіп, оның коллективін ірілендіру мақсатымен бірнеше колхоз, совхоз театрларын және облыстық театрларды біріне-біріне қосып, үлкен бір ұжым құруды мақсат деп білді. 1948 жылы сәуір айында Гурьев театрының құрамына Оралдың облыстық музыкалық қазақ театры және Гурьев облысы Теңіз ауданындағы колхоз, совхоз театрының коллективі келіп қосылды [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134-қор, 136-іс, 5б]. Бұл театрды бұрынғыдан гөрі ірілендіру мақсаты еді. Міне 1948 жылдан бастап Гурьевтің облыстық театры Гурьев облысаралық қазақ драма театры болып аталады. Енді репертуарда бірыңғай драмалық спектакльдер қойылумен қатар, музыкалық драмалар, оперетталар қойыла бастады. Осыған байланысты өнер ұжымы өз репертуарын классикалық шығармалар қоюмен байыта түсті. Бұл сонымен бірге актёрлер шеберлігін дамыту үшін де қажет болды. Классикалық туындыларды баяндауда сахна шеберлері жаңа қырларымен көріне бастады. Республикаға еңбегі сіңген артистері Тілек Ерғалиев, Шәкір Оразғалиев, Күлипа Иманғалиева, театрдың бас режиссёрі, Республикаға еңбегі сіңген артисі Н.В. Волгаков, барлығы жүзге жуық Орал театрының қызметкерлері Гурьев театрының коллективімен бірігіп, ынтамен іске кірісті [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134-қор, 136-іс, 5б].

541 Театрға мұндай үлкен күштің келіп қосылуы көрушілердің өскелең талғамы мен талабына сай творчестволық жұмыс істеу мүмкіндігін арттыра түскендігі анық. Осы қысқа мерзім ішінде театр коллективінде үлкен сахнаға еңбегі сіңген қайраткер режиссерлер қызмет істеді. А.Н. Сусанов, Саянский, А.Хаймулдин, В.Романенко, А.Ш.Плотов, Н.И.Леготин, Т.Дүйсебаев, республикаға еңбегі сіңген артистер, режиссерлер Молганов, В.Гасюк, Қазақ КСР-на еңбегі сіңген өнер қайраткерлері Ә.Мәмбетов, А.Тоңпановтар алған бағалы дәстүр кейінгі жылдарда қосылған спектакльдерге үлкен әсер етті [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134-қор, 136-іс, 5б]. Орал музыкалық театрымен біріккен кезде театрымыздың творчестволық күші молайып, репертуарлары жаңарып, жанрлық жағынан кеңейіп өсе түсті. Театрда Ташкенттің театр өнер институтының режиссёрлік факультетін бітірген бас режиссёр болып Рашида Меңдіқалиқызы Шарафутдинова, бас суретшісі Құмар Жұмағалиев жұмыс істеді [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134-қор, 136-іс, 6б]. Қазақ КСР Мәдениет министрлігі 1957 жылы республика өмірінде тұңғыш рет облыс театрларының байқауын өткізді. Байқау қорытындысында Гурьев театры

республика бойынша бірінші жүлделі орынға ие болып, басты рольдерде ойнаған актёрлер Қазақ КСР інің еңбек сіңірген артисі Зарифа Сүлейменова, ҚуатТөлеков,Күнипа Иманғалиева “ театр көктемiнiң” лауреаты деген құрметті атқа ие болды [3,119б]. Театрдағы көптеген көркем спектакльдер тақырыбы кеңес қоғамына жат деген желеумен одақ бойынша сахна өнеріне идеологиялық бақылау мен цензура орнатылған тұста сол кезеңдегі жас буын шығармашылығы негізінен өз замандастарының өмірін бейнеледі. 1953 жылы облыстық мәдениет басқармасы бөлек мекеме болып құрылады [3,120б].Бұл оқиға облыс өнерін тәуелсіз қолға алуға мүмкіндік береді. Облыстық мәдениет басқармасының қарауына облыстық драма театры енді. Жақсы рухани және материалдық қолдау көрудің нәтижесінде театрда ән мен биге жақсы көңіл бөлінетін болды, спектакльдердің музыкалық, пластикалық бейнелерінің көркемдігінің артуына себепкер болды. 1958 жылы театрдың құрылғанына 20 жыл толды. Осы қысқа мерзім ішінде театр ұжымы облыстың, сонымен қатар Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының жұртшылығына өнер көрсетті. Осы елеулі датаға орай берілген нақты есеп деректерге сүйенсек,қазақ және одақ драматургиясын, Батыс Европа классиктерінің тарихи және қазіргі өмірден алынған шығармаларын меңгере отырып, 110 пьеса қойды, 6000-ға жуық спектакль көрсетті. Бұған 1 млн. 200 мың көрушілер қатысты [4, 40б]. Өлкенің халқын өнерімен баурап, рухани эстетикалық тәрбие беруде зор еңбегі бар ұжым республика көлемінде танылып үлгерді. Алғашқы кезеңде орыс режиссёрлерімен жұмыс жасап,тәжірибе жинақтаған ұжым келе-келе әртүрлі режиссёрлердің қолтаңбасымен танысты. Атап айтарлығы - кейіннен республикаға, әлемге аты танымал болған қазақ режиссёрлерінің дені, атап айтқанда, Б.Омаров, Ә.Мәмбетов, М.Байсеркенов, Қ.Жетпісбаев т.б алғашқы қадамдарын осы Гурьев театрынан бастады [4,47б]. Шығармашылықпен дами отырып,театр ұжымы республикада өзіндік лайықты орнын алып,танымал болды. Театр - ол тірі организм. Ол- өмір және өмір шындығы. Ол - хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер. Ал өнерге деген сүйіспеншілік те, өнер иесіне деген құрмет те түбі өз нәтижесін берері анық. Бірақ театр - өнердің ең қатігез түрі.Себебі,залда болған көрерменнің көңілінде ғана қалатын тірі өнер. Өнер- ойыншық емес, ол заманның оташысы,ыстығы мол қан құюшысы,өлуге таяу соғатын жүрегін тірілтіп,қайта бебеу қақтырушысы,бөстеки сөзбен айтсақ - кері кетіп бара жатқан кезеңіміздің санитары болуы керектігін ұққан екенбіз [5,25б]! Театр-қоғамдық дамудың ерекше формасы,себебі елдегі болып жатырған өзгерістерден сахна да қалыс қалмайтыны шындық. 542 Алпысыншы жылдардағы саяси, рухани оқиғалар республика театр өнерінің жаңа өркендеуінің бастауы болды. Осы кезең театрдың кәсіби деңгейге көтеріліп,жаңа шабытпен жұмыс жасаған кезеңі. “Театр және біздің замандастарымыз” деген тақырыппен 1963 жылы республикалық байқауда Гурьев театры екі рет бірінші орынға ие болып, Республика театрларының лауреаты деген атақ алды. Жүлдеге ие болуына байланысты Гурьев театрының коллективі Алматыда 2 рет театрдың онкүндігін өткізді [1,Атырау облыстық мемлекеттік архиві,1134-қор,12-іс,13б]. Республика көлемінде де байқауларға қатысқан театр ұжымы мәдениет министрлігінің жүлделі орындарына ие болып,дипломдармен наградталды. 1969 жылғы айтулы оқиға- театрға шығармашылық еңбегі үшін дауылпаз ақын Махамбет Өтемісов есімінің берілуі. Кеңестік Қазақстанның 50 жылдығына байланысты Гурьев облыстық кеңесінің 1969 жылғы 6 тамызындағы № 281шешімімен ендігі жерде театр М.Өтемісов атындағы Гурьев облысаралық драма театры деп аталатын болды [4,60б]. Бұл кезеңде үлкен шығармашылық ұжым әртүрлі күрделі көркем шығармаларды зерделей, сахнада ұлттық және әлемдік классиканы жаңа қырынан қоюға, өмірдегі өзекті идеяларды алға тартуға ұмтылды. Мұны өнер ұжымының 70-жылдардағы репертуарларынан байқаймыз.Театр жаңа әдеби материалға толып, тіршілігі жалғасты. Театрда ұлттық классикадан М.Әуезовтың” Қарагөз” бен “Алуа”, Ғ.Мүсіреповтың “Қозы Көрпеш Баян сұлуы”,”Ақан

сері Ақтоқты” пьесаларын, әлемдік классикадан Гогольдің “Үйленуін”, А.Островскийдің “Құтырған ақшасын”, А.Чеховтың “Шағаласын” сахналаған [4,616]. Өмір шындығы мен әлеуметтік және сахналық баяндаудың үйлесімін жаңа өлшемдерден іздеу кезеңі басталған еді. 1975 жылы Махамбет атындағы театр үшін де, қалың көрермен үшін де аса айтулы жыл болды- ұжым арнайы салынған жаңа ғимаратқа көшті. Жаңа сәулет ғимарат сәулетші А.Н.Лившицтің жобасымен қаланың қақ ортасында көрнекті жерде салынды. Көрермен залының сыйымдылығы 630 орын, сахнасы айналмалы, актёрлерге арналған грим бөлмелері, дыбыс жазу студиясы бар, театрдың өзге цехтарының жұмысы үшін де жағдай жасалған. Жаңа театр 1975 жылдың көктемінде, нақтылағанда, 27 наурыз- Халықаралық театр күні ашылды [4,68 б]. Дүниежүзілік театр күні 27 наурыз аталады. Суретші, сценарист, режиссёр, жарық қоюшы театр өміріне қатысы бар барлығы бұл мерекені маңызды деп есептейді. Сонымен Махамбет атындағы жаңа ғимаратқа көшуі театр ұжымы үшін ғана емес, бүкіл қала жұртшылығы үшін де өте маңызды оқиға болды. Ұлы Мәртебелі театр маңызды рухани мәдени орталыққа айналды. 1980 жылы театр ұжымы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1984 жылы театр ұжымдарының республикалық байқауында екінші рет лауреат атанды [3,1216]. Бұл театр ұжымының Алматыға гастрольге барғандағы жемістері. “Бүкіл әлем- театр, ал ондағы адамдар- актёр”, -деп У.Шекспир айтқан болатын. Бұл өмірде әрқайсымыз белгілі бір рольді шынайы өмірде де, сахнада да ойнаймыз. Театр ұжымы өмір сүре бастаған уақыттан бері өнер ордасымен біте қайнасып, тамаша еңбек еткен көптеген таланттар өсті. Осының нәтижесінде бірнеше дарынды сахна шеберлері театр қабырғасында тәрбиеленіп шықты. Мысалы, Қазақ КСР-нің халық артистері Зарипа Сүлейменова, республикаға еңбегі сіңген артистер Алма Ахметова, Жұпар Манапова, Күлипа Иманғалиева. Жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген бұлар шын мәнісіндегі сахна шеберлері болды. Олар жасаған кесек-кесек образдар- халықтың есінде ұзақ сақталатын жанды бейнелер. Театрмен бірге жасап келе жатқан сахнаның кәрі тарландары: Қуат Төлеков, Құрманғали Доғалақов, Оңай Жақсыбаев, Хамит Болатов, Жәмила Ибрагимова, Әбіл Қизатов, Құрманғаным Жұмаева, Гажия Қасенов. Театр өнерін тез меңгеріп, ұжымның қол 543 жеткен табыстарына айтарлықтай үлес қосқан театрдың іргетасын қалаушылар, сахна шеберлері, жетекші артистер бола отырып, олар театр сахнасында 30-40 жылдан қызмет істеп, тамаша жарқын образдар жасады [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134 қор, 136-іс, 46]. Облыстық драма театрын, оның тамаша ұжымының өткен өмірі мен тарихына талдау жасағанда, ең алдымен, бар өмірін осы ортаға жұмсаған Қазақстан Республикасының халық артисі Қуат Төлековтың сіңірген еңбегін айрықша атап өткен жөн. Қайраткердің театрға басшылық жасап тұрған кезінде облыстық қазақ драма театрының ұжымы- республика театрларының ішіндегі кемелденген, толысқан, өзінік жақсы дәстүрлері бар ұжымдардың бірі болды. Орта буын артистер: Әдиет Айтқалиев, Асылбек Итмағамбетов, Қазима Құспанова, Қайша Исабаеваның, Ораз Сапаровтың өнерлері де сүйсінерлік. Театрда талапты жастар да аз емес, ең бір жақсы қасиет олар білімділігімен, ізденімпаздығымен көзге түседі. Қабдол Абдрахманов, Айман Тілегенова, Шафхат Аруов, Роза Шегебаева, Гүлпарша Өскенбаева, Әлібек Әдзиев, Амантай Сұлтанғалиев, Ислам Кубашев, Темір Жумаев, Хадиша Шарипова, Мүкембай Сейдахметов, Темірболат Қыдырғалиев т.б. көптеген жас артистер күрделі рольдерді ойдағыдай атқарып жүрді [2, Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134-қор, 136-іс, 46]. Олар тәжірибелі актёрлердің істерін ілгері жалғастырып келе жатқан театрдың жас буын өкілдері еді. 90-жылдарға аяқ басқан театр жаңа құнды қойылымдар шығарып, театр әлемін таңғалдырған пьесаларды назардан тыс қалдырмауды әдетке айналдырды. Батыс өңірдегі үлкен өнер ұжымының тынысы әдеттегідей жалғасып, бүгінгісін бағалап, болашаққа жоспарларын құрып жатты. Республикадағы іргелі өнер ордаларының

қатарына қосылған Махамбет атындағы драма театрының сахна шеберлері енді ата бабаларымыз армандаған Тәуелсіздік кезеңіне келе жатырды. Театр- ол бір орнында тұрмайтын,үнемі қозғалыста жүретін рухани әлем. Оның сипаты заман өзгере келе дамиды. Заман өзгереді, шығармаға деген көзқарас та жаңалыққа бет бұрып, көрерменге ой салып, құнды дүниелерді сахнадан көру үшін мүмкіндік алу басты мұраттардың бірі болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134-қор, 12-іс. 2. Атырау облыстық мемлекеттік архиві.1134-қор,136-іс. 3. Атырау:Энциклопедия. - Алматы:Атамұра, 2000. -384 бет 4. Бөпежанова А.Атырау облыстық драма театры: жетпіс жеті жыл биігінен – Астана : Бейбарыс, 2016. - 176 бет 5. Мерейлі мекен/Қазан -желтоқсан / 10,12(54-56)/ 2021,256.